

Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2017 жылғы 12 маусымдағы № 76-ө өкімі.

Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөнінде ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

2. Комиссияның негізгі міндеті

6. Комиссияның негізгі міндеті:

1) Қазақстан Республикасының мұнай-газ және энергетика саласын теңдестірілген дамытудың басым бағыттары;

2) мұнай-газ және энергетика саласын дамытудың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және өзге де аспектілері;

3) мұнай-газ және энергетика салаларын тұрақты дамытуға инвестициялар мен технологиялар тарту;

4) мұнай-газ және энергетика саласын дамыту стратегиясын және стратегиялық мәні бар жобаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік басқару органдарының және ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру;

5) елдің мұнай-газ және энергетика салаларының бәсекелестікке қабілеттілігін бағалау;

6) елдің мұнай-газ және энергетика салаларының бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған заңнаманы жетілдіру мәселелері;

7) конкурсқа шығарылуға тиіс блоктардың тізбесі, оның ішінде: жасалуға (дамытылуға) тиіс жағалау инфрақұрылымы объектілерінің тізбесін айқындау;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдіктері жасауға (дамытуға) тиіс жағалау инфрақұрылымына байланысты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін және оларды дамыту мерзімдерін айқындау;

8) жағалау инфрақұрылымы объектілерін және тауарлармен әрі көрсетілетін қызметтермен жасалатын теңіздегі мұнай операцияларын қамтамасыз ету жөнінде жаңа өндірістер құру кезінде қазақстандық қамтуды дамыту, оның ішінде:

жасалуға (дамытылуға) тиіс жағалау инфрақұрылымы объектілерінің конкурс жеңімпазының немесе ұлттық компанияның стратегиялық әріптесінің міндеттемелерімен өзара байланысын;

құзыретті органмен келісімшарттар жасасқан мердігерлер бюджеттерінің жағалау инфрақұрылымы объектілерін жасау немесе қолданыстағыларын дамыту қажеттілігіне өзара байланысын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі

7. Комиссия жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.